

Ахатов У.А., Оңдашұлы Е.

**Кеңестік Түркістан АССР-інің
құрылу қарсаңындағы
аймақтағы саяси-құқықтық
жағдай**

Түркістан Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының құрылу қарсаңындағы өлкедегі саяси-құқықтық жағдайға талдау жасалынған. Түркістан өлкесі Ресей тарапынан жаулап алу саясатының негізінде түрлі әкімшілік, сот реформалары жүзеге асырылды. Соның негізінде Түркістан өлкесі Ресей заңдарымен басқарылды. Түркістан өңірінде Кеңес өкіметінің орнап, одан әрі қалыптасуы мен дамуы өлкеде қалыптасқан саяси-құқықтық жағдай мен Ресейде орын алған революциялық толқулар мен жаңарулардың туындысы болатын.

Түйін сөздер: басқару жүйесі, әкімшілік аумақ, республика, атқару комитеті, заң шығару қызметі.

Ahatov U.A., Ongdashuly E.

**Political and legal situation of the
area in anticipation of formation
Turkestan Soviet ASSR**

The political and legal situation of area was analyzed in anticipation of formation of Turkestan Soviet ASSR. In Turkestan region on the basis of capture policy from Russia were carried out various kinds of administrative, judicial reforms. According to this basis the Turkestan region was coped under the Russian laws. Establishment of the Soviet power in Turkestan, its formation and development was a consequence of the created political and legal situation, and also revolutions and innovations in Russia.

Key words: control system, administrative district, republic, executive committee, legislative activity.

Ахатов У.А., Оңдашұлы Е.

**Политико-правовая ситуация
края в преддверии
формирования Туркестанской
Советской АССР**

Анализирована политико-правовая ситуация края в преддверии формирования Туркестанской Советской АССР. В Туркестанском крае на основе политики захвата со стороны России проводились различного вида административные, судебные реформы. На этой основе Туркестанский край управлялся по Российским законам. Установление Советской власти в Туркестане, ее становление и развитие было следствием сформировавшейся политико-правовой ситуации, а также революций и нововведений в России.

Ключевые слова: система управления, административный округ, республика, исполнительный комитет, законодательная деятельность.

**КЕҢЕСТІК ТҮРКІСТАН
АССР-ІНІҢ ҚҰРЫЛУ
ҚАРСАҢЫНДАҒЫ
АЙМАҚТАҒЫ
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАҒДАЙ**

Сан ғасырлық тарихы бар Түркістан өлкесі көптеген ұлттар мен ұлыстардың құтты мекеніне айналғаны барша қауымға мәлім. Орта Азияны мекендеген түрлі ұлыстардың басын біріктіріп – Түркістан, яғни түркі халықтарының елі деп аталуы да тегін емес. Қазіргі таңда осы Түркістан аймағын мекендеген ұлттар мен ұлыстар жеке тәуелсіз мемлекет құрып, жылдан-жылға әлемдік өркениетте өз мемлекеттілігін бекемдеуде.

Ал, осы киелі Түркістан өлкесінің өткен тарихы, оның ішінде мемлекет және құқық тарихы қалай өрбігенін баршаның білгісі келері сөзсіз. Осы мақсатта, мақалада 1918-1924 жж. аралығында өмір сүрген, қазіргі Қазақстанның оңтүстік облыстары, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан мемлекеттерінің басын біріктірген Түркістан Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы, оның құрылу қарсаңындағы өлкедегі саяси-құқықтық жағдай туралы кейбір маңызды мәліметтерді көпшілік қауымға жеткізгіміз келіп отыр.

Азия мен Еуропаның алтын көпіріне айналған Түркістан өлкесінің саяси, экономикалық маңызы аса жоғары болды. Сол себепті де, алып мемлекеттер тарапынан түрлі жаулап алу әрекеттері жүргізіліп отырды. Ресей Империясы тарапынан жүргізілген түрлі жаулап алу, колониялизациялау саясатының негізінде Түркістан өлкесі құрылды.

Бастапқыда Түркістан өлкесі тек Сыр-Дарья және Жетісу облыстарынан тұрады, ал кейіннен жаулап алу саясатының арқасында басқа да аймақтар кіре бастайды. «Вначале Туркестанский край состоял из Сыр-Дарьинской и Семиреченской областей. После окончательного упразднения Кокандского ханства в 1876 году его территория под наименованием Ферганской области была включена в состав Туркестанского края. В 1887 году в состав Туркестанского края была включена Самаркандская область, а в 1899 году – Закаспийская область. Главным городом Туркестанского края и местопребыванием генерал-губернатора был определен г. Ташкент. Областным центром Сыр-Дарьинской области был г. Ташкент, Семиреченской – г. Верный (Алматы), Ферганской – г. Новый Маргелан, переименованный в 1907 году в Скобелев (Фергана), Самаркандской – г. Самарканд и Закаспийской области г. Ашхабад (Ашхабад)». [1, 13 б.].

Патшалық Ресейдің Түркістан өлкесінде өз билігін жүргізуінің астарында көптеген мән-жайларды байқауға болады. Біріншіден, Түркістан өңірі арқылы Иран, Ауғаныстан, одан әрі Үнді еліне сауда жолының ашылуы, сонымен қатар осы аймақ арқылы Қытай елімен экономикалық байланыс жасаудың тиімділігі жоғары болды. Екіншіден, Түркістан өлкесі аграрлық аймақ ретінде бағаланды. Яғни, ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұранысты осы өңір арқылы шешуге ұмтылды. Үшіншіден, табиғи пайдалы қазбаларға бай өңірлердің қатарынан саналды. «Туркестан располагал богатейшими естественными богатствами для развития производительных сил. Природные условия края были благоприятными для развития хлопководства, садоводства, лесоводства, шелководства, пчеловодства и других отраслей сельского хозяйства. Недрa края были богаты полезными ископаемыми. Однако богатейшие возможности развития экономики использовались совершенно незначительно из-за господства докапиталистических производственных отношений. Огромные массивы пригодной для возделывания земли оставались не засеянными. Так, к 1909 году засеваемая площадь составляла лишь 3,9 % всей территории края, а вместе с лесами эта культурная площадь достигла 23,3 %». [2, 6 б.]. Төртіншіден, патшалық Ресей өзінің оңтүстік өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге талпынды. Бесіншіден, Түркістан өлкесін жаулап алу арқылы Орта Азияның басқа өңірлеріне өзінің саяси ықпал ету мақсатын көздеді. Алтыншыдан, патшалық Ресей өзінің демографиялық мәселесін шешуді көздеді. Артық халықты осы өңірлерге көшіріп отырды. «Царское правительство, осуществляя колониаторскую политику в Туркестане, переселяло в край «избыточное» население России. Лучшие земли в Туркестане были заняты переселенцами, а местное население было оттеснено в худшие районы. Царизм культивировал национальную вражду и недоверие между народами, осуществляя на деле лозунг «разделяй и властуй». [1, 14 б.].

Алып аймақты басқару мақсатында патшалық Ресей өкіметі өлкеде түрлі әкімшілік, экономикалық реформаларды жүргізіп отырды. Ресей патшалығы Орта Азияның көптеген қалаларын басып алуының негізінде 1867 жылы Жетісу және Сыр-Дария облыстарының аумағында Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. Сол жылы Түркістанның алғашқы генерал-губернаторы ретінде генерал К.П. Кауфман тағайындалды. К.П. Кауфманның тағайындалуы тегін еместі.

Себебі ол нағыз ұлтшыл, патшаның жүктеген міндеттерін бұлжытпай орындайтын офицер болатын: «Первым генерал-губернатором Туркестанского края был К.П. Кауфман. Выбор царя пал на него не случайно. В начале 60-х годов Кауфман был директором канцелярии военного министерства в Петербурге. Потом его назначили вилениским генерал-губернатором. Будучи в Вильно, он категорически запретил печатать литовские (жмудские) книги латинским шрифтом. «Навсегда прекратить употребление латинских букв в жмудском языке», - приказал он, будучи убежденным русификатором. Иными словами, целый народ лишился возможности читать книги на своем родном языке». [3, 28 б.].

Ендігі жерде К.П. Кауфман Ресей патшалығының Орта Азиядағы ең сенімді нөкерлерінің біріне айналды. Түркістан генерал-губернаторы шексіз әскери және азаматтық билікке ие болды. Түркістан өлкесі 1918 жылға дейін, яғни Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі аралықта әскери жағдайда болып, ерекше әскери тәртіппен басқарылып отырды.

Патшалық өкімет Орта Азия халықтарын жаулап алғаннан кейін, өлкеде өз билігін орната бастады. Бұл орайда Ресей Империясы өлкені басқару барысында жергілікті ақсүйектердің көмегіне жүгінді. Әрине олардың Патшаға деген адал қызметтері жоғары деңгейде бағаланып отырды: «Уже в ходе присоединения Средней Азии к России выявились классовые союзники царских властей. Это были многие ханы, беки, купцы и прочие узбекские, таджикские, казахские и другие эксплуататоры, сдавшие царским генералам города и крепости за поддержку в борьбе против своего народа, за сохранение власти, за титулы, награды, прибыли». [3, 30 б.].

Патшалық Ресей өлкедегі өз жақтастарына сүйене отырып маңызды әкімшілік реформаларды жүзеге асыра бастады. Бастапқыда Түркістан өлкесі 1867 жылы дайындалған «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже» жобасының негізінде басқарылды. Ереженің 6-шы бабына сәйкес Түркістан өлкесінде басқару жүйесі келесідей нысанда өрбіді: «Управление Туркестанского края составляют: 1) главное управление; 2) управлени отдельными частями разных ведомств; 3) местные административные управления: а) областные, б) уездные, в) городские, г) сельские; 4) установление судебных». [4, 11 б.].

Жоғарыда Түркістан өлкесі әскери жағдайда басқарылғанын атап өткен болатынбыз. Ол механизм Ереженің 8 бабында көрініс тапқан: «Управление Туркестанского края, за исключением

установлений и лиц, принадлежащих к судебному, финансовому, контрольному, учебному и почтово-телеграфному ведомствам, находятся в ведении Военного Министерства».

Түркістан өлкесін Ресей патшасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын генерал-губернатор басқарды. Генерал-губернаторға өлкенің ішкі және сыртқы саясатына қатысты көптеген өкілеттіктер берілді. Ол өлкеде кең экономикалық билікке ие болды. Тиісті тәртіппен орталықтан бөлінген ақша қаражаттарын өзі дұрыс деп таныған құрылыс жұмыстары мен жобаларға бөліп отырды.

Генерал-губернатор сот саласында да жоғары билікке ие болды. Ол заң нормаларын бұзғандарға, қажет болғанда сот тәртібінсіз жазалап отырды. Ол Ішкі Істер министрлігінің келісімімен саяси жағымсыз деп танылған жергілікті тұрғындарды өлкеден 5 жылға дейінгі мерзімге қуып жіберуге өкілетті болды. Сонымен бірге, шетел азаматтарын да өлкеден аластатуға құқылы болды.

Ереженің 17 бабына сәйкес генерал-губернатордың жанында Кеңес, көмекшілер, ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеуніктер, аудармашылар мен канцелярия қызметкерлері болды.

Генерал-губернатордың жанынан құрылған Кеңестің құқықтық мәртебесі төмен болды. Ол тек қана кеңесу орталығына айналды: «Совет при генерал-губернаторе был совещательным органом и состоял из военного губернатора Сыр-Дарьинской области, прокурора Ташкентской судебной палаты, управляющих казенной и контрольной палатами, начальника штаба Туркестанского военного округа и управляющего канцелярией генерал-губернатора. В работе совета при генерал-губернаторе по усмотрению последнего могли участвовать и другие чиновники.

Мнение совета и должностных лиц края было обязательным для генерал-губернатора» [1, 16 б.].

Түркістан өлкесінің жергілікті билік органдары Ереженің үшінші бөлімімен реттелініп отырды. Ереженің 43 бабына сәйкес облыстық басқарма әскери губернатор мен облыстық басқармадан құрылды. Әскери губернатор Ішкі Істер министрлігі мен Түркістан генерал-губернаторының алдын-ала келісіміне сәйкес Әскери министрдің ұсынуымен жалпы тәртіпке негізделген Сенаттың жарлығымен анықталып отырды.

Ал, уездердің әкімшілік-полициялық басқармасын уезд бастығы басқарды. Уезд бастығын облыстық губернатордың ұсынуымен генерал-

губернатор қызметке тағайындап және одан босатып отырды. Уезд бастығының өкілеттігі жергілікті жерде тәртіпті сақтауға толық мүмкіндік берді. Себебі, уезд бастығына тек қана полиция органдары ғана емес, сонымен бірге тиісті әскери бөлімдер де бағынышты болды.

Түркістан өлкесіне қарасты қалаларды басқару жүйесі уездерді басқаруға ұқсас құрылды. Қалаларды уезд бастықтары басқарды, ал ол болмаған жағдайда участкелік приставтарға берілді. Олар облыстық басқарма мен әскери губернатордың, сонымен қатар қалалық қоғамдардың депутаттардың тарапынан бақылауда болды. Түркістан өлкесіне қарасты қалалардың арасында тек Ташкент қаласының мәртебесі ерекше болды. Ташкент қаласын қала бастығы басқарды және оған кеңінен өкілеттіктер берілді.

1886 жылғы жаңартылған және ресми бекітілген «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ережеге» сәйкес өлкедегі ауылды елді мекендерді басқару жүйесі үшке бөлінді: 1) отырықшы елді мекендер; 2) Көшпелі елді мекендер; 3) Жергілікті халыққа жатпайтын орыс немесе басқа да ұлттардың елді мекені.

Отырықшы елді мекендерді басқару жүйесі келесідей негізде жүзеге асырылды: отырықшы халық мекендеген әр бір уездер болыстыққа бөлінді, ал болыстық ауылдық қоғамдарға (ақсақалдық) бөлінді. Болыстықты – болыс басқарушысы, ал ауылдық қоғамды – ауылдық ақсақалдар басқарды. Олар үш жылға дейінгі мерзімге сайланып отырды.

Көшпелі халық мекендеген елді мекендерді басқару жүйесі отырықшы елді мекендерді басқаруға ұқсас болды. Тек кейбір ерекшеліктер болды. Уезд болыстыққа, ал болыстық ауылдық қоғамдарға бөлінді. Болыстық және ауылдық қоғамның құрамына кіретін түтіндер санын облыстық басқарма анықтап отырды, бірақ бұл сан: болыстыққа – екі мыңнан, ал ауылдық қоғамда – екі жүз түтіннен аспауы тиіс болды.

Ереже бойынша түтінге жеке тұрған құрылыстар саналды. Оларға киіз үй, жер төлелер, сонымен қатар үйлер жатты. Болыстық жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігіне ыңғайлы жерлерге орналасты. Олар жаздық және қыстақтарға бөлінді.

Үшінші топтағы елді мекендерге, яғни жергілікті халыққа жатпайтын орыс немесе басқа да ұлттар қоныстанған елді мекендерді басқару жүйесі Ресейдің өзінде қалыптасқан басқару жүйесіне ұқсас болды. Бұл жүйе Ереженің 116 бабында көрініс тапқан: «Каждое селение, заселенное русскими и лицами, не принадлежащи-

ми туземному населению, образует отдельное сельское общество; а с развитием колонизации – образуются постепенно волости из селений, имеющих взаимную между собой связь. Права и обязанности сельского старосты, состав, предметы ведения и порядок действий сельского схода определяются правилами, установленными для общественного управления сельских обществ в Империи. До образования волостей сельская администрация подчиняется Уездному Начальнику». [4, 245 б.].

Өлкеде жүргізілген әкімшілік реформалар кейіннен сот реформаларына ұласты. Ғасырлар бойы қалыптасқан сот жүйесі Ресейдің империялық пиғылына сай күрделі өзгерістерге ұшырады. «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ережеге» сәйкес өлкеде мировой соттар мен облыстық соттар құрылды. Ал, 1898 жылғы өзгерістерге сәйкес облыстық соттардың орнына округтік соттар құрылды. Жаңадан құрылған соттардың қарауына көптеген маңызды сұрақтар жатқызылды және олардың өкілеттігі өте жоғары болды. Ереженің 141 және 142 баптарына сәйкес олардың қарауына келесідей істер жатқызылды: 1) Христиан дініне қарсы; 2) мемлекеттік істер; 3) басқару тәртібіне қарсы; 4) мемлекеттік және қоғамдық қызмет бойынша; 5) мемлекеттік және земстволық қаулыларға қарсы; 6) қазына мүліктері мен кірістеріне қарсы; 7) қоғамдық тазалыққа қарсы; 8) қоғамдық тыныштық пен тәртіпке қарсы; 9) қалыптағы заңдарға қарсы; 10) өмірге, денсаулыққа, бостандық пен абыройға қарсы; 11) меншікке қарсы қылмыстар мен құқық бұзушылықтар.

Жергілікті халықтың наразылығын тудырмау мақсатында жоғарыда аталған әкімшілік соттардан басқа, халық соттары құрылды. Халық соттары жергілікті тұрғындардың ертеден қалыптасқан әдет-ғұрып және шарифат нормалары бойынша әрекет етуге мүмкіндік алды. Дегенмен де, халық соттарының қарауына жатқызылған сұрақтар тым шектелген болатын. Олардың қарауына Ереженің 211 бабына сәйкес келесі істер жатқызылды: «1) все дела о преступлениях и проступках совершенных туземцами, за исключением в статьях 141 и 142, и 2) все дела гражданские, возникающие между туземцами, под-

ведомственными одному и тому же народному суду, если дела сии не основаны на документах, совершенных или засвидетельствованных при участии русских властей».

Ресей империясы тарапынан жүргізілген түрлі реформалар мен өлкеде қалыптасқан басқару жүйесі жергілікті халықтың ашу ызасын тудыра бастады. Оның үстіне Ресейде 1905-1907 жж. қалыптасқан революциялық бас көтерулер Түркістан өлкесін айналып өтпеді. Жергілікті тұрғындардың өлкеде қалыптасқан жағдайға наразылық бас көтерулері жиілей бастады. «С осени 1905 г. в Ташкенте, Самарканде и других городах Туркестана рабочие бастовали, проводили стачки, устраивали митинги... В Ташкенте 15 октября 1905 г. был проведен митинг, закончившийся демонстрацией русских рабочих, к которой присоединились трудящиеся других национальностей, городская беднота, представители мелкой буржуазии и дехкане пригородных кишлаков». [3, 76 б.].

Осы тұста Ресей үкіметінде өлкеде азаматтық билікті толық жойып, оның орнына күшті әскери билікті орнатуды жақтаушылар саны күрт көбейді. Оның бір дәлелі ретінде Түркістанның соңғы генерал-губернаторы Куропаткиннің айтқан сөзін келтірсек: «Надо добиваться, чтобы нас боялись и уважали. Полнобят после». [5, 42 б.]. Бұл пікірді көптеген патша шенеуніктері де қолдады: «Большинство царских чиновников склонялось к тому, чтобы усилить военное управление краем. «Русская военная власть, - писал один из них, - понятнее и внушительнее для притихшей туземной толпы, чем гражданская»». [6, 86 б.].

Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылуы және Орта Азия халықтарының қара жұмысқа тартылуы Түркістан өлкесінде тұратын халықтың ашуын тудырғаны рас. Ресей империясының басқару жүйесінің құлдырауы өлкеде революциялық жағдайдың туындауына алып келді.

Қорыта келгенде, Түркістан өңірінде Кеңес өкіметінің орнап, одан әрі қалыптасуы мен дамуы өлкеде қалыптасқан саяси-құқықтық жағдай мен Ресейде орын алған революциялық толқулар мен жаңарулардың туындысы болатын.

Әдебиеттер

- 1 Уразаев Ш.З. Туркестанская АССР и ее государственно-правовые особенности. – Ташкент., Госиздат УзССР, 1958. – 325 с.
- 2 Адрес-справочник Туркестанского края. - Ташкент, Изд. Сыр-Дарьинского областного статистического комитета, 1910. – 274 с.
- 3 Кастельская З.Д. Из истории Туркестанского Края (1865-1917). – М.,: Наука, 1980. – 298 с.
- 4 Абрамов И.Ф. Положение об управлении Туркестанского края. – Ташкент, 1916. – 182 с.
- 5 Ковалев П.А. Кризис колониального режима и реформы Куропаткина в 1916 году. – Труды САГУ. Вып. LVII, Кн. 7, 1954. – 257 с.
- 6 Аминов А.М. Экономическое развитие Средней Азии (колониальный период). – Ташкент., Госиздат УзССР, 1959. – 375 с.

References

- 1 Urazaev Sh.Z. Turkestanskaya ASSR i ee gosudarstvenno-pravovye osobennosti. – Tashkent., Gosizdat UzSSR, 1958. – 325 s.
- 2 Adres-spravochnik Turkestanskogo kraia. – Tashkent, Izd. Syr-Dar'inskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta, 1910. – 274 s.
- 3 Kastel'skaya Z.D. Iz istorii Turkestanskogo Kraia (1865-1917). – M.,: Nauka, 1980. – 298 s.
- 4 Abramov I.F. Polozhenie ob upravlenii Turkestanskogo kraia. – Tashkent, 1916. – 182 str.
- 5 Kovalev P.A. Krizis kolonial'nogo rezhima i reformy Kuropatkina v 1916 godu. – Trudy SAGU. Vyp. LVII, Kn. 7, 1954. – 257 s.
- 6 Aminov A.M. Economicheskoe razvitie Sredney Azii (kolonial'nyi period). – Tashkent., Gosizdat UzSSR, 1959. – 375 s.